

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

L.N. GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

1995 жылдың қаңтарынан жылына 6 рет шығады

№ 3 (94) • 2013

ВЕСТНИК

выходит 6 раз в год с января 1995 г.

I бөлім

HERALD

Since 1995

Астана

ФИЛОЛОГИЯ · ФИЛОЛОГИЯ

4. Адыр	<i>Г.К. Исмаилова, Ж.К. Адилова</i>
Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік символика.....6	Отражение гендерных отношений на лексико-фразеологическом уровне.....101
З.А. Абдулжанова	<i>А.Т. Кондыбаева</i>
Радио-хабар субъектілерінің ерекшеліктері.....11	К вопросу о художественном переводе.....105
С.Ш. Айтүганова	<i>Д.Т. Коптілеуова, Ж.Б. Амантай</i>
Эпикалық прозадағы автор бейнесінің көрінуі.....16	«Отбасы» концептісі лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың бірлігі ретінде.....110
Б.К. Ақбердыева	<i>Д.Т. Коптілеуова</i>
Қазақ тіліндегі ғалам моделінің тілдік ассоциациялары.....20	Взаимосвязь языка и речи в процессе общения.....117
А.О. Альжанова	<i>Б.С. Қарағұлова</i>
Понятие «гостеприимство» на современном этапе развития глобализации.....25	Қазақ тілінде жаңа атаулардың пайда болу жолдары: әкім лингвистикалық факторлар.....121
О.А. Анищенко	<i>Б.С. Қарағұлова</i>
Экологические и филологические номинации в речи современных молодых людей.....30	Қазақ тілінде ұлттық болмысқа сай терминдерді қалыптастырудың қажеттілігі жөнінде.....125
А. Әбсадықов	<i>Г.К. Қортабаева</i>
Абылай хан мен Үмбетей жырау: естірту ме, ескерту ме? Немесе толғау мен тарихи аңыздардың шындыққа арақатынасы туралы бірер сөз.....35	Манғыстау ономастикасы: «ман» сөзімен келген топонимдер туралы.....129
Д.М. Әкежанова	<i>А.К. Мейірбеков</i>
«Тіл мен мәдениет» диалогі және оның тіл біліміндегі жаңадан салаларға бағыт беру сипаты.....41	Ағылшын тіл элементері кездесетін эргонимдерді номинативациялаудың принциптері мен мотивациялары.....133
А.Д. Әлтай	<i>Т.Б. Мақұлбекұлы, А.К. Мейірбеков, А.К. Мейірбеков</i>
Қазіргі айғыстың жаңашылдық сипаты.....45	Араб, иврит тілдеріне ортақ діни және классикалық есімдерінің ағылшын антропонимдер қорындағы алатын орны мен олардың қазақ антропонимдерінің қатарындағы көрінісі.....137
Е.В. Бабенко	<i>Б.И. Нұрдаuletова</i>
Структурно-композиционные и семантические особенности текста современной авторской прозы.....49	Ә.Кекілбаевтың тілдік әлеміндегі «қазақ» танымы.....141
Ә.Ж. Байелі	<i>М.Б. Нуртазина</i>
Генрик Сенкеевтің тарихи трилогиясындағы отаншылдық идеясы.....53	Роль языковой интерпретации семантических отношений в структуре речевого общения коммуникантов.....147
К.М. Байтанасова	<i>М. Оразбек</i>
Поэзиядағы ұлттық идея мен көркемдік таным бірлігі.....62	«Хакикағұмырды» бейнелеу немесе «жүректің сөзі».....163
А.Б. Бейсенбай	<i>Х.А. Ордабекова</i>
Тіл мәдениеті мәселелері.....73	Қазақ және түрік тілдеріндегі «сүйек» концептісінің лингвомәдени болмысы.....167
П.Берікболова	<i>Ж.К. Өмірбекова</i>
Түрік әдебиеттануында Атилла дастаны.....76	Ә.Нұрпейісовтің шығармаларындағы концепт аясы және оның бағыттары.....172
Ш. Валиханов	<i>Н.О. Отеген</i>
Ғабиден Мұстафиннің «Ой әуендері» сын-зерттеу еңбегі.....80	Әлеуметтік топтар арасындағы әңгімелесу ерекшеліктері.....178
Г.А. Досжан	<i>Ш.Ә. Рамазанова, С.М. Иманқұлова</i>
Қазақ тілінің терминологиялық қорындағы ағылшын бизнес терминдерін семантикалық талдау.....84	Пысықтаушыны оқытуға оңтайландыру.....182
Ж.А. Жақыпов	<i>А.А. Раманова</i>
«Шумақ» аталымы туралы.....89	Қосымшалардың түбірге кірігу әрекетінің зерттелу жайы.....185
М.С. Жолшаева	
Лингвистиканың соңғы жетістіктерін басқа ғылым салаларында қолдану туралы.....93	
К.И. Ибраева	
Сықак жанрында ауыс (кері, бұрма) мағыналы сөздердің қолданысы.....97	

А. ӘБСАДЫҚОВ

*филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Астана қ., Қазақстан*

**АБЫЛАЙ ХАН МЕН ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ: ЕСТІРТУ МЕ, ЕСКЕРТУ МЕ?
НЕМЕСЕ ТОЛҒАУ МЕН ТАРИХИ АҢЫЗДАРДЫҢ ШЫНДЫҚҚА АРАҚАТЫНАСЫ
ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

*Мақала тарихи аңыздар мен халық поэзиясының толғау жанрының шындыққа арақатынасы туралы мәселені
қарастырады. Авторлық ауыз әдебиеті мен фольклордың жанрлық ерекшеліктері талданып, ХҮІІІ ғасырдың тари-
хтік жағдайларына байланысты туған аңыз бен толғаудың көркемдік сипаты белгіленеді.*

Түйін сөздер: *толғау жанры, аңыз, тарихи шындық, авторлық ауыз әдебиеті, Абылай хан, Үмбетей, оқиға.*

Қазақ жырауларының арғы тегі мифтік таным-түсінік негізінде сомдалған Қорқытқа, бергі
«Қырымның қырық батыры» циклді жырларының кейіпкері Сыпыра жырауға тіреледі.
Сыпырадан кешегі Мұрынға дейінгі жыраулар шығармалары фольклорлық мұралар қатарында
қалыптасып жетті. Бұл үрдістен ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген жыраулар шығармалары да тыс қалған
емес. Сондықтан оның кейбір үлгілерінің, әсіресе, атакты Абылай ханға қатысты болған тарихи
жағдайларды жырлаған толғаулардың аңыздық нұсқалары бар. Мұнда аңыздық нұсқа мен жы-
рау толғауларының мазмұны бірін-бірі қайталайды. Мұндай «қайталауларды» сол ғасырдағы

белгілі жыраулар Бұқар, Үмбетей, Тәтікаралардың атақты ханға айтқан толғауларынан көруге болады. Бұл жыраулардың толғаулары бізге тарихи аңыздардың мазмұнымен араласып, ауызша сақталып жетті. Екінші сөзбен айтсақ, бірнеше ғасырлар бойы авторлық ауыз әдебиеті (толғау) мен фольклорлық шығармашылық (аңыз) біте қайнасып, қоса дамып жетті. Бұл - қазақ халқының әдебиеті мен фольклорлық мұрасының ерекше, өзіндік белгі, қырларының бірі.

Авторлық әдебиет пен фольклордың арақатынасы ғылыми мәселе ретінде ертеден қозғалып, зерттеліп келеді. Мысалы, белгілі ғалым К. Өмірәлиев қазақ халқының ауызша жеткен мол рухани казынасында авторы сақталған ауыз әдебиеті бар, бұл оның өзіндік ерекшелігі деп жазды [1, 21]. Авторлық ауызша шығармашылықтың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жетуінде өзіндік ерекшеліктер бар екендігін әдебиеттанушы ғалым К. Жұмалиев те атап өтеді [2, 262].

Жыраулар шығармаларындағы дидактикалық мазмұндағы толғаулар мен тарихи оқиғаны жырлаған толғауларды бір деңгейде қарастыруға болмайды. Себебі ойы терең, философиялық мән-мағынасы бар дидактикалық мазмұндағы толғаулар ұрпақтар керуенінде көп өзгеріске ұшырай қоймайды. Оның есесіне тарихи оқиғалардың баяны өзгеріске ұшырауға өте бейім. Сондықтан тарихи оқиғаны арқау еткен жырау толғауларын нақты факті деп қарауға болмайды. Оның үстіне ол толғаулар аңыздар мазмұнымен біте қайнасып, араласып жеткен. Ал аңыздар баянындағы оқиғанының барлығын дерлік нақты тарихи шындық деп қарауға болмайды. Бұл тұрғыда Ы. Дүйсенбаевтың мына бір пікірін келтірген жөн: «...Ауыз әдебиетінде кездесетін аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар мен эпостарда кейде халық өмірінде болған үлкенді-кішілі оқиғалар, сонымен бірге жеке адамдардың бейнелері суреттелетіні мәлім. Бірақ бұларға қарап азаматтық тарихтың желісін тартуға я болмас белгілі бір дәрежеде ғылыми қорытынды жасауға үнемі реті келе бермейді. Өйткені, фольклор туындылары ақиқат бір фактіге сүйенгеннің өзінде көп жылдар өткен соң оған қосындылар жамалады, көбінесе, халық қиялы (фантазиясы) өзінің көксеген арманын қуалып, шындықтан мүлде алшақ кететін жайлар да кездеседі» [3, 21]. Ал қазақ прозасын арнайы зерттеген ғалым С. Қасқабасов аңыз жанрының тарихилығы туралы: «Аңыз халықтың жадында сақталып, ауызша айтып келген тарихы дегенде, онда тарихи оқиғалар еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тұмау керек. Аңыз жанры да, бүкіл фольклор сияқты, анахронизмнен құр алақан емес. Біріншіден, ауызша тарағандықтан, екіншіден, әңгімеленген оқиғадан көп уақыт өтпін кеткендіктен, үшіншіден, әңгімеге көркемдік элементтер әсер еткендіктен аңызда баяндалатын оқиға комескі тартады, әңгіменің варианттары пайда болады, тіпті оқиғаның мезгілі шатастырылады» [4, 124]. Демек, аңызбен біте қайнасып жеткен жыраулардың тарихи тақырыпқа арнаған толғауларын талдауда әдебиеттану мен фольклордың тоғысын ұстанатын методология қолданған дұрыс деп есептейміз. Сол қисынды методология ғана ғылымилығы толық, нанымды тұжырым жасай алады. Себебі толғау ауызша жырланғандықтан онда сол құбылысқа тән поэтика орын алып отырды [5, 3].

Тарихи аңыздар дерегінің жырау толғауларына арқау болуын біздер фольклордағы бір орталыққа тұтастану құбылысының әсерінен деп түсінеміз. Басқаша айтқанда, жыраулардың толғауы тарихи аңыздардан нәр алып отырған. Тарихи аңыздар мен тарихи жырлардағы шындық халықтың саяси және әлеуметтік өмір арнасынан туындайды. Бұлардың сюжетіне шындықта болған оқиғалар арқау болады және көркем қиял нанымды болып көрінеді [6, 37]. Сондықтан бұл толғаулардың авторы сақталғанымен, оны халықтық тарихи өлеңдер қатарында қарастырған да жөн болар еді. Орыс фольклористикасында халықтық тарихи өлеңдер мен белгілі бір авторға тіленетін өлеңдерді зерттеудің методологиясы белгіленген. Мысалы, фольклорист ғалым Н. Криничная тарихи өлеңдердің тақырыбы мен суреттеліп отырған нысанасы, кейіпкерлердің сипатталуы және олардың бір-бірімен қарым-қатынасы, қайшылықтары, орын алған оқиғаларды баяндауы және баға беруі, композициялық тәсілдер мен көріктеу құралдары сынды белгілері фольклорлық дәстүрмен игерілген болса оны халықтық тарихи өлең деп санайды [7, 21]. Мұндай методологияны қазақ фольклорына, соның ішінде жыраулар толғауын зерттегенде, әсіресе, тарихи оқиғаларды жырлайтын шығармаларға қолдануға болады.

XVIII ғасырдағы жыраулар мұрасы мен тарихи аңыздар дерегін арнайы бөліп алып қарауға болмайды. Бұлар - бір дәуірде (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезі) жазбаға тіркелген мұралар. XVIII ғасырда туған аңыз бен оның жыраулар толғауындағы

қазықын тарихи деректермен, атап айтқанда, орыс, қытай, Орта Азия хандықтарының жазба деректерімен салыстыра тексеру мүмкіндігі бар. Осы орайда, ХҮІІІ ғасырдағы Бұқар, Үмбетей, Ташкентке қара жыраулардың өз тұстарындағы атақты хан Абылайға айтқан толғауларының тарихи маңызымен арақатынасын анықтау арқылы жыраулардың көркем фольклордағы бейнесінің өзгерісін ашуға болады.

Тарихи аңыздардың мазмұны орын алған толғаудың бірі ретінде Үмбетейдің «Абылайға Абылайға Бөгенбайдың өлімін естіртуі» толғауын атауға болады. Қанжығалы Бөгенбай - ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген, жоңғар-қазақ соғысында ерлікпен аты шыққан даңқты батыр. Қанжығалы Бөгенбайдың қазақ жасақтарын жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін ұйымдастырып, ханның ең бір сенімді қолбасшыларының бірі болғанына және сол аласапыран замандардан дүниеден өткен батыр екеніне еш күмән жоқ. Бірақ Үмбетейдің толғауы батыр өмірбаянының бір белесіне, дәлірек айтсақ, соңғы белесіне, яғни оның дүниеден озуын атақты батыр естіруге құрылған.

Қазақ дүниетанымындағы естірту жырлары адам басына түскен қайғыны қоршаған ортадағы қиындықтарды тұспалдап отырып жеткізуге құрылады. Мысалы, Шыңғыс ханға баласы Бөгенбайдың өлімін жыршы теректің құлауы, дария суының лайлануы сынды параллелдік қиындықтарды сипаттап отырып жеткізеді. Мұндай құбылыс қазақ естіртулерінің бәріне тән. Ал Үмбетей жыраудың естіртуі ханның өмірбаянындағы негізгі кезеңдерді көркем жыр түрінде баяндай келе, толғаудың соңында ғана батырдың қазасын естіртеді. Толғауда дәстүрлі естіруге тән ханды адам өмірінің шектеулі, қысқа екенін білдіретін қайғылы оқиғаға дайындау элементтері жоқ. Оның орнын ханның жастық шағынан бастап хандық таққа көтерілген даңқты өмірбаянын кезең-кезеңмен тізбелеп жеткізу басқан.

Атақты ханның Үмбетей толғауына арқау болып отырған даңқты өмірбаянының аңыздық элементтері де бар. Аңыз мазмұнын қайталаған толғау Абылайдың қазақ аңыздарының мазмұнын баянша түзілген ғұмырнамалық тұтастанудың, яғни фольклорлық қаһарманның көркем өмірбаянының жыр үлгісіндегі бір сынарындай болып шыққан.

Үмбетейдің толғауы аңыздық баяндауларда түзілген ғұмырнамалық тұтастанудың жетімдік, ерлік, тұтқын, ханның жорығы сынды негізгі кезеңдерін толық қамтиды. Толғаудың бастауы Абылайдың жас күнінде Үргеніштен «Сарыарқа – жерім, қазақ - елім» деп келіп, Төле биіне тауып, оның түйесін бағып, хан тегіне лайық қасиеттермен көзге түскенін жырлайды. [8, 17]

Толғау мазмұны Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда бастырып шығарған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабына тіркелген аңызға өте жақын. Шәкәрім аңызында Үргенішті билеген атасына хандық тимегендіктен «Сарыарқа – жерім, қазақ - елім» деп келген Сабалақ - Әбілмансұр Төле бидің қолында түйеші болғандығы баяндалады [9, 27]. Бірақ тұста Үмбетей толғауының алғаш жазбаға тіркелген уақыты 1923 жылғы «Тан» журналы [8, 376] екенін еске салғымыз келеді.

«Түрлі жұрттың шежіре кітаптарына тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре» [8, 6-7.] жазған Шәкәрім қаламына іліккен аңыз мазмұнындағы Абылайдың аталары Үргенішті билеген деген дерек тарихи шындыққа жанаспайды. Бізге жеткен Абылайдың өз тұсындағы жазба деректердің хабары бойынша оның ханның аталары Түркістанды емес, Ташкентті билеген. Бұл тарихи деректі ханның хатшысы М.Мәмедовтің 1768 жылы орыс үкіметіне берген хабарламасынан оқимыз. «Абылай сұлтанның,- дейді ол,- атасы мен әкесі Ташкент қаласының билеушілері болған. Қаланы жоңғар қалмақтары жаулап алғанда, он жасар Абылай Түркістан қаласындағы Әбілмәмбетке барады» [10, 41].

М. Мәмедовтің хабарламасы тарихи шындыққа өте жақын. Ташкент қаласының билігі ХҮІІІ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап 1723 жылға дейін Қазақ хандығына қарайды. 1723 жылы Ташкент билігі жоңғар қалмақтарына көшеді. Ташкент билігінің қалмаққа көшкені қазақ шекарагерлеріне де тіркелген. Айталық, Мәшһүр Жүсіп: «Қалдан Серен пайтахын (ордасын-А.Ә.) Ташкентке орнатты» [11, 134] деп жазады. Біздіңше, жоңғар қалмақтары жаулап алғанға дейін Ташкент билігін Әз-Тәуке хан бір атадан тарайтын немере ағайыны Уәлінің балаларының қолына беруі әбден мүмкін еді.

Ал Түркістан қаласын Әз-Тәуке хан ордасы (1680-1718 жж.) етіп өзі билеген. 1718 жылы

Әз-Тәуке хан өліп, оның орнына ұлы Болат отырады. Олай болса, бір қалада екі билеушінің болуы, оның үстіне Әз-Тәукемен билік бөлісу (жай қала емес, астананың билігін) – тарихи шындыққа да, билік табиғатына да қайшы.

Әз-Тәукенің маңызды сауда орталығы Ташкент билігін Абылай ханның аталарына беруі мүмкін еді деген жорамалды дәлелдейтін жанама дерек – сұлтан Абылайдың хан тағына жету жолындағы іс-әрекеті. Жонғар қалмақтарын жеңуде ерлік пен батылдық, ақыл-айла танытқан сұлтан Абылай өзінің атақ-данқы немере ағасы Әбілмәмбет (Әз-Тәукенің немересі) ханнан асып тұрса да, оның көзі тірісінде так иесімін деп ұмтылмайды. Жонғар хандығы құлағанан кейін Орта жүзде Абылайдың атақ-абыройы артып бара жатқанын байқаған Ресей үкіметі Абылайға жасырын кісі салып, оны Орта жүзге хан болам десе қолдау көрсететінін жеткізеді. Абылай бұл ұсыныстан “Әбілмәмбетті әке орнына құрмет тұтатынын, өзіне үлкен хандықтан да басқа атқарар жұмыстардың бар скенін айтып бас тартады” [12, 607].

Әбілмәмбеттің көзі тірісінде Абылайдың хандыққа ұмтылмайтынына көзі жеткен орыс үкіметі «шарасыздан»: «Әбілмәмбет көбіне Түркістанды мекендейді, әрі күші көп. Оны Абылай құрмет тұтады, ақыл-кеңесін тындайды. Сондықтан Әбілмәмбет тірі кезінде ол ордада басқа хан тағайындаудың пайдасы жоқ» [12, 87].- деп жазады.

Абылай үлкен хандыққа Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін 1771 жылы отырады. Үш жүз Алаштың тағына отыруын орыс үкіметіне хабарлаған хатында Абылай оны Үш жүздің хан-сұлтандары, белгілі кісілерімен қатар Ташкенттің үлкен және кішігірім қалаларының қолдағанын жазады. Бұл хабарлама Абылайдың өз ата-бабалары билеген қаланы кейін қайтарып алған дегенді де білдіреді.

Абылайдың ағалары Үрісінш. Бұқара қалаларын биледі деген аңыздық деректер де тарихи шындыққа жанаспайды. Аталмыш Орта Азия қалаларында ХҮІІ ғасырдан бастап-ақ хандық (Шыңғыс тұқымының) биліктің күші әлсіреп, өзбек арасында ақсүйек ру деп есептелетін маңғыт рубасыларының билігі күшейеді. Олар өздеріне қарасты кішігірім қалалар мен өлкелерді жеке дара билеп, Шыңғыс ұрпақтары қолындағы хандық билікті ығыстырып шығарады [13, 96].

Абылай ханның аңыздық прозадағы жетімдігі, болашақ билеушінің қарапайым халық ортасында өсіп, тәрбие алуы қалың бұқараға деген қайырымы мен қамқорлығы мол, биліктің патриалхалды-демократиялық сипатын білдіретін көрініс. Халық аңсары мен тілегі билік басындағы ханның тағдырын қара бұқараның тағдырына ұқсас болуын қалайды және билікке өз басының жеке қадір-қасиеті арқылы көтерілген кісіні ардақтайды [14, 376.].

Фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін жетімдік сарыны – қаһарманды төменнен жоғары қарай орлетудің тұрақты формасы. «Батырлардың жастайынан жетім қалуы, – деп жазады профессор С.Қасқабасов, – фольклор эстетикасынан туындаған нәрсе. Оның арғы гүбінде халықтың елді – жерді қорғаған қаһарманды дәріптеу мақсаты жатқаны күмәнсіз» [15, 188].

Демек, Үмбетей жырау естірту-толғауына да жаңсақ дерек қосылып отыр. Жаңсақ деректен басталған толғаудың одан арғы мазмұны да аңыздық деректермен толықтырылаған. Ол – Абылайдың Төле бидің қолына жалшылық қызметі. Болашақ билеушіні жетім қалдырып, оны қарадан шыққан атақты кісілердің қолында тәрбиелеу – халық эстетикасының танымы. Мұның астарында қалың бұқараға деген қайырымы мен қамқорлығы мол, құрметі ерекше, «мейірімді билеушіні» армандаған халық тілегі мен қиялы жатыр [16, 24].

Халық аңыздарындағы Абылайдың жау батыры Шаршыны өлтіріп, алғашқы ерлік жасағаны, осыдан кейін «Сабалақ» атынан құтылып, Абылайатты ерлік есім алып хан атанғаны да Үмбетей толғауына түскен [8, 77]. Ал фольклорлық шығармада қаһарманның елеусіз, қарапайым көптің бірі ретінде жүріп, ел басына қысылтаяң уақыт туғанда ерлік танытып, өзіне лайық орынға, лауазымға көтерілуі – әлем халықтарына кең тараған көрініс. Қаһарманның елеусіз жүрген кезеңіне ерліксіз жай есім тән, ерліксіз есім алғашқы ерліктен кейін қаһармандық (ерлік) есімге ауысады. Бұл – көркем шығармашылықта кең тараған қаһарманды дәріптеу тәсілінің бірі [17, 39].

Абылайға қатысты аңыздардың мазмұнындағы келесі бір баян – атақты ханның Қалдан Сереннің қолында тұтқында болуы. Аңыздардағы Абылайдың Қалдан Сереннің қолына ұйқыда жатқанда тұтқынға түсіп, қалмақтың бірнеше сынына төтеп беріп, шешендік сөз

ты босатылғаны, қазақтардың Абылайды босату үшін «токсан үш жақсының» баруы сын-мазмұндар да Үмбетей естіртуіне кестеленген [8, 77]. Ал нақты тарихи шындықта Қалдан Сәеннің Шаршы атты ұлы болмаған және Абылай Қалданның баласын емес, қалмақтың нақты бір ноянын өлтірген. Абылайдың жауға тізесін бағырған бұл ерлік ісін аңыздар мен жазбалар мүлде өзгеше баяндаған.

Үмбетейдің естіртуінде Абылайдың қырғыздарға жасаған жорығы жырланады. Жыр қазақ аңыздары мазмұнындағы қырғызбен болған соғыстың шығу себебінің бірін баяндап (Көкжал Басты өлтіруі), соғыс үстінде Абылайдың қолы қырғыздардан жеңіле бастағанда Бабай Тұтты Шашты Әзиздің (аңызда Жалаңаяқ Әздер немесе Жалаңаш баба) сиқырымен қырғыздар арасында тартыс туып, екіге бөлініп, Абылайдың жеңіске жеткенін қосқан [8, 79].

Жырау қырғызбен болған соғыста ханның жанында қазақтың атақты батырлары көп ерлік көрсеткенін жырлайды. Үмбетейдің мақтанышпен атайтын батырларының бірі – Баян [8, 79].

Атақты Баян батыр 1771 жылы қазақ даласы арқылы Жоңғарияға көшкен Еділ қалмақтарымен болған соғыста қаза тапқан еді. Ал Абылайдың қырғызбен соғысы Жоңғар хандығы түгел жойылғаннан кейін болған. Тарихшылар қазақ пен қырғыз арасындағы қатығыстың ең ірілері 1779 жылдары өткен деп көрсетеді. Үмбетейдің марқұм Баянды кейінгі оқиғаға «сүйреуі» – құдіретті билеушінің жанына атақты батырларды жинаудың бір көрінісі. Ел басқарған билеушінің маңына өзге батырлардың жиналуы – фольклордағы бір орталыққа тұтастану құбылысы. Бұл феодализм дәуірінен өткен барлық әлем халықтарының фольклорына тән құбылыс.

Демек, Үмбетейдің естіртуі – аңыздық мазмұндардың жыр үлгісіндегі нұсқасы. Мұнда Бөгенбай батырдың өлімін естіртуден бұрын болашақ ханның жас күніде қара кісінің (Үйсін Тәле би) камқорлығында болғанын, халық арасынан шыққан батырлардың ерлік істері арқылы ерекше артқанын ескерте отырып айбар, сес көрсету мазмұны айқын орын алған. Жырау арасында халық арасында өткен өмір белестері жырлау арқылы оған «кімнің арқасында хан болып отырғанын» ұғындырып, Абылайға «асып-таспа» деген ескерту жасайды. Ханға халық арасынан қатты сөз айту немесе халыққа сүйене отырып ескерту жасау Тәтіқара, Бұқар жырау шығармаларында да кездеседі. Мысалы, ХҮІІІ ғасырдағы атақты жорықшы жырауы Тәтіқара Үш жүздің көңілінен шықпаған Абылай ханға қарсы көтеріліп, жұртты ханталауға шақырады [8, 70].

Абылай ханға дейін «жеті ханды жебелеген» Бұқар жырау:

*Ашуланба, Абылай,
Ашлансаң Абылай,
Көтеремін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын [8, 926.],*

-деп қаһарланады.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен жырау толғауларында түрлі қоспалар мен жамау-мақсаулардың қосылуы – заңды құбылыс. Ханға қаймықпай, қарсы сөйлеген ақын-жыраулардың бейнесі ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда көркем фольклорға айналымына түсіп, ерекше сомдала бастады. Өйткені сол ғасырда Ресей патшалығының қазақ даласына жүргізген әкімшілік реформасы хандық жүйені күйретіп, оның орнына тегі Шыңғыстық емес рубасылары да қатыса алатын сайлау жүйесін енгізді. Сөйтіп, билікке қарадан шыққан кісілерді (Құнанбай, Шоң билер) жеңді. Ханға тікелей қару көтерген Сырым, Қазыбек баласы Бекболат би, Исатай, Махамбет сынды батырлар тарих сахнасына шықты. Ханға қаймықпай жыр айтқан ақындар қатары (Махамбет, Шернияз, Сүйінбай) қалыңдайды. Бұл саяси өзгерістер мен әлеуметтік қозғалыстар халық шығармашылығына өз әсерін тигізеді. Осы үрдіс салдарынан ертедегі өлең-жырлар, толғаулар қайта өңделіп, жаңа мазмұнмен толықтырылған. Соның бірі – Үмбетейдің Абылайға Бөгенбай батырдың өлімін естірту толғауы. Үмбетей толғауы халық шығармашылығының ХІХ ғасырдағы замана сазына қарай өңделіп, өзгерген құбылысының бір көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. -Алматы: Ғылым, 1976. -270 б.

- 2 Жұмалиев К. Казак эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. –Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1958. –404 б.
- 3 Дүйсенбаев Ы. Гасырлар сыры (Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер).–Алматы: Жазушы. 1970.–192 б.
- 4 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы.–Алматы: Ғылым. 1984.–272 б.
- 5 Абылкасимов Б. Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. –Алма-Ата: Наука. 1984. –120 с.
- 6 Соколова В.К. Изображение действительности в разных фольклорных жанрах. //Русский фольклор. XX. Фольклор и историческая действительность. –Ленинград: Наука. 1981. –3–44 с.
- 7 Криничная Н. А. Народные исторические песни начала XVII века. –Ленинград: Наука. 1974. –183 с.
- 8 Бес гасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1989.- Т.1.-384 б.
- 9 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-казак хам хандар шежіресі. –Алматы: Қазақстан-Сана. 1991.-80 б.
- 10 История казахской литературы. В 3-х томах. т.2. -Алматы, 1979.
- 11 Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. -Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. -452 б.
- 12 Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). -Алма-Ата, АН Каз ССР, 1961.-743 с.
- 13 Бейсембиев Т.К. Легенда о происхождении Коккандских ханов как источник по истории идеологии в Средней Азии // Казахстан и Центральная Азия XVI-XVII вв. -Алматы. 1983.
- 14 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. -Ленинград, 1974. -726 с.
- 15 Қасқабасов С. Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы. «Жұлдыз» журналы. №11, 1992.
- 16 Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. -Ленинград, 1979.
- 17 Әбсадықов А.Абылай хан ғұмырнамасы: миф пен шындық. Биография Хана Абылай: мифы и реальность.- Астана: Фолиант, 2005. -140 б.

REFERENCES

- 1 Omiraliev K. XV-XIX gasyrlardagy kazak poeziasynyn tili. -Almaty: Gylym, 1976. -270 b.
- 2 Zhumaliev K. Kazak eposy men adebiet tarixynyn maseleleri. Almaty: Kazaktin memlekettik korkem adebiet baspasy, 1958. -404 b.
- 3 Duisenbaev Y. Gasyrlar syry (Kazak adebieti tarixynan ocherkter). -Almaty: Zhazushy, 1970.-192 b.
- 4 Kaskabasov S. Kazaktin xalik prozasy. Almaty: Gylym, 1984.–272 b.
- 5 Abylkasymov B. Sh. Zhanr tolgau v kazakhskoi ustnoj poezii.–Alma-ata: Nauka, 1984. –120 s.
- 6 Sokolova B.K. Izobrozhenie deistvitelnosti v raznix folklornix zhanrax. //Russkiy folklor. XX. Folklor I istoricheskaya leistvitelnost. –Leningrad: Nauka. 1981. –3–44 s.
- 7 Krinichnaya N.A. Narodnie istoricheskie pesni nachala XVII veka. – Leningrad: Nauka. 1974. -183 s.
- 8 Bes gasyr zhyrlaidy: 2 tomdyk. / Kurastyr. M. Magauin, M. Baidildaev.- Almany: Zhazushy, 1989.- Т.1.-384 b.
- 9 Kudaiberdiuly Sh. Turik, Kyrgyz-kazak kham khandar shezhiresi. –Алматы: Қазақстан-Сана, 1991.-80 б.
- 10 Istoria kazakskoi literatury. V 3-x tomakh. т.2. А., 1979.
- 11 Mashkhur Zhusip Kopeiuly. Shygarmalary. 8 tom. Pavlodar: «ЕКО» GOR, 2006. -452 б.
- 12 Kazakhsko-russkie otnoshenia XVI-XVIII vv. (Sbornik dokumentov I materialov). Alma-Ata, AN Kaz SSR, 1961.-743 s.
- 13 Beisembiev T.K. Legenda o proiskhozhdii Kokkandskikh khanov kak istochnik po istorii ideology v Srednei Azii //Kazakhstan I Tsentralnaya Azia XVI-XVII vv. Almaty, 1983
- 14 Zhirmunskiy V.M. Tyurkskiy geroicheskiy epos. L., 1974, -726 s.
- 15 Kaskabasov S. Kazak folklorindagy tutastanu kubylysy. // «Zhuldyz» zhurnaly, №11, 1992.
- 16 Zhirmunskiy V.M. Sravnitelnoe literaturovedenie. L., 1979.
- 17 Absadykov A. Abylai khan gumyrnamasy: mif pen shyndyk. Biografia khana Abylaia: mify I realnost.- Astana. Foliant, 2005.-140 b.

В этой статье анализируется проблема взаимоотношений жанра толғау народной поэзии и исторических преданий в свете исторической действительности. Здесь отмечается авторское устное народное творчество и особенности фольклорного жанра, а также характер толғау и преданий, появившихся в ходе исторических событий XVIII века.

Ключевые слова: жанр толғау; Предание. Историческая действительность. Авторское устное творчество. Абылай хан. Умбетей. Батыры. События.

This article analyzed the problem of the relationship tolgau genre of folk poetry and historical traditions in the light of historical reality. Here, the author notes folklore and features folk genre, and the nature tolgau and stories that have changed in the course of historical events XYIII century.

Keywords: *Genre tolgau. Tradition. Historical reality. Copyright storytelling. Abylai Khan. Umbet. Batyrs. Events.*

Редакцияға 15.03.2013 қабылданды.